

## Маман кеңесі

## А ГЕПАТИТИНЕН САҚТАНАЙЫҚ!

А вирусты гепатит — бауырды зақымдайтын жұқпалы ауру. Оны А гепатиті вирусы тудырады. Бұл ауру көбіне тұрмыста бір-бірімен қатынас кезінде немесе лас тағам мен суды пайдаланғанда жұғады. Яғни адам вируспен ластанған тамақ жесе немесе таза емес су ішсе, ауруды жұқтырып алуы мүмкін.

Бұл ауру нашар санитарлық жағдаймен, жеке гигиена ережелерін сақтамаумен тығыз байланысты. А гепатиті вирусының ерекшелігі, ол қоршаған ортаға төзімді. Бөлме температурасында бірнеше аптаға дейін, ал 4 °С температурада бірнеше айға дейін сақталуы мүмкін.

Инфекция көзі — ауру адам. Гепатит ауруын балалар көбіне ластанған қол арқылы жұқтырады. Негізгі белгілері — әлсіздік, шаршағыштық, терінің және көз склерасының сарғаюы, бас ауруы, бұлшық ет пен буындағы ауырсыну, жүрек айну, құсу, ұйқышылдық, дене температурасының 39°С дейін көтерілуі, қалтырау, тершендік, төбеттің төмендеуі немесе болмауы.

Аурудың профилактикасы — екпе салу. Еліміздің Ұлттық егу күнтізбесіне сәйкес вакцинамен 2 жастағы балалар егіледі.

А гепатитінің алдын алу шарасы жеке бас гигиенасын сақтау қағидаларына негізделеді, яғни тамақтану алдында қолды сабынмен мұқият жуу керек. Сонымен қатар дұрыс термиялық өңдеуден өткен тағамды пайдаланып, қолданар алдында суды қайнату керек.

**М.БАЛҚОЖАЕВА,**  
Ақтөбе қаласы санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы басшысының міндетін атқарушы.

## Тегін скрининг

## ДЕНСАУЛЫҚТЫ ЕРТЕ БАҚЫЛАУ МҮМКІНДІГІ

Соңғы жылдары елімізде денсаулық сақтау жүйесінде аурулардың алдын алу мен оларды ерте кезеңде анықтауға айрықша назар аударылып келеді. Осы бағыттағы маңызды тәсілдің бірі — скрининг, яғни аурудың клиникалық белгілері байқалмай тұрып оны ерте сатысында анықтауға арналған профилактикалық тексерулер жиынтығы.

Скринингтік бағдарламаның маңыздылығы — көптеген әлеуметтік мәні жоғары аурулардың бастапқы кезеңде ешқандай белгі бермей дамитындығында. Осыған байланысты науқастар дәрігерге көбіне ауру асқынып кеткен кезде ғана жүгінеді. Бұл өз кезегінде емдеу процесін қиындатып, оның нәтижелілігін төмендетеді. Елімізде скринингтік тексерулердің мемлекеттік бағдарламасы жүзеге асырылып жатыр. Осы бағдарлама аясында халыққа тіркелген емханаларында тегін профилактикалық тексеруден өту мүмкіндігі ұсынылады. Скринингтік бағдарлама кең таралған ауруларды қамтиды және белгілі жас топтарында жүргізіледі. Атап айтқанда, жатыр мойны обыры — 30-74 жастағы әйелдер, сүт безі обыры — 40-76 жастағы әйелдер, колоректальды обыр — 50-76 жастағы ерлер мен әйелдер, артериялық гипертензия, қант диабеті — 40-76 жастағы ерлер мен әйелдер, глаукома — көбінесе 40-76 жастағы адамдар, цереброваскулярлық аурулар бойынша тексерістер 50-76 жастағы ерлер арасында жүргізіледі.

Бұл шаралардың басты мақсаты — ауруды ерте анықтау арқылы аурушаңдықты, мүгедектік пен өлім-жітімді азайту. Себебі көптеген дерт бастапқы кезеңде тиімді емделеді, ал кей жағдайларда толық сауығуға да мүмкіндік бар.

Скринингтің тегін әрі қолжетімді болуына қарамастан, кейбір адамдар профилактикалық тексерулерді кейінге қалдырады. Олар көбіне уақыттың жоқтығын, ешқандай шағымның болмауын немесе диагноздан қорқуын себеп ретінде келтіреді. Алайда мұндай көзқарас денсаулықтың нашарлауына әкелуі мүмкін.

Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 87-бабының 5-тармағының 5-тармақшасына сәйкес, қызметкерлерге бір жыл ішінде үш жұмыс күнінен аспайтын көлемде жұмыс орны (лауазымы) мен орташа жалақысын сақтай отырып скринингтік зерттеулерден өтуге арналған әлеуметтік демалыс беріледі.

**Айткүл ЕСҚОЖАЕВА,**  
отбасылық медицина клиникасы профилактикалық медицина және әлеуметтік-психологиялық көмек бөлімінің меңгерушісі.  
Ақтөбе қаласы.

## «Ақтөбе КапиталСтрой» ЖШС

Ақтөбе облысы, Хромтау ауданындағы «КапиталТас» кен орнында қиыршық тас өндіру үшін құрылыс тасының Тау массасын алу арқылы барлау жоспарына әзірленген әсер етуге Экологиялық рұқсат алу үшін құжаттар пакеті: Қоршаған ортаны қорғау бөлімі (ҚОҚБ); Жол берілетін қалдықтар нормативтері жобасы (ЖБҚН); Қалдықтарды басқару бағдарламасы Жобасы (ҚББЖ); Экологиялық бақылау бағдарламасы Жобасы (ЭББЖ); Табиғат қорғау іс-шаралар жоспары (ТҚШЖ) тақырыбына ашық жиналыс арқылы қоғамдық тыңдау өткізетіндігін хабарлайды.

Әсер ету аумағы — Ақтөбе облысы, Хромтау ауданы, Құдықсай ауылы (с.ш. 50°01'37" в.д. 58°48'09")  
Қоғамдық тыңдау 2026 жылы 28 мамыр сағат 15.00-де Ақтөбе облысы, Хромтау ауданы, Құдықсай а.о., Құдықсай ауылы, Мектеп, 1 ғимаратында өтеді

Онлайн қатысу үшін мына сілтеме бойынша өту қажет: <https://us05web.zoom.us/j/5998456865?pwd=ExNBsmbuWbTyrXxfv1gtgiSRlosC8.1&omn=82886639356>

Конференция идентификаторы: 599 845 6865 кіру коды i4fv6H  
Бастамашысы: «Ақтөбе КапиталСтрой» ЖШС, 030000, ҚР, Ақтөбе облысы, Ақтөбе Қ.Ә., Ақтөбе Қ., Астана ауданы, Сәңкібай батыр даңғылы, №26Н ғимарат, 090640015749, Құстанбаев Бекбол Бактиярович, 87088528710, make.company@mail.ru

Жобаны әзірлеуші деректемелері: «Projects World ECO Group» ЖШС, БСН 160340009675, ҚР, Ақтөбе қ., Қарғалы тұрғын алабы, 18В үй, 99-пәтер, тел.: 87023923707, e-mail: ecogroup.aktobe@gmail.com.

Қоғамдық тыңдау материалдарымен [ndbecology.gov.kz](https://www.gov.kz/memleket/entities/aktobe-zher-paidalanuy?lang=ru) сайтында, жергілікті атқарушы органның <https://www.gov.kz/memleket/entities/aktobe-zher-paidalanuy?lang=ru> сайтында танысуға болады.

Жоба бойынша қосымша ақпаратты +7 702 392 3707 телефоны, ecogroup.aktobe@gmail.com бойынша сұрауға болады. Ескертулер мен ұсыныстарды: [ndbecology.gov.kz](https://ndbecology.gov.kz) парақшасында, және де «Ақтөбе облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ [aktobe.urppr@yandex.kz](mailto:aktobe.urppr@yandex.kz), Ақтөбе қаласы, Әбілқайыр хан даңғылы, 40 мекенжайы бойынша қабылдайды.

## «ҚАЗХРОМ» ТҰК» АҚ

Ақтөбе ферроқорытпа зауыты ҚР Экологиялық кодексінің 73-бабының талаптарына сәйкес 2026 жылғы 28 мамырда сағат 11.00-де мына мекенжайда: Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласы, 312 Атқыштар дивизиясы даңғылы, 60 «А» конференц-залы: 2026-2035 жылдарға арналған «Қазхром» ТҰК» АҚ филиалы — АФЗ көздерінен атмосфералық ауаға ластанушы заттардың жол берілетін шығарындылары нормативтерінің жобасы, 2026-2035 жылдарға арналған «Қазхром» ТҰК» АҚ филиалы — АФЗ қалдықтарын басқару бағдарламасы, АФЗ үшін өндірістік экологиялық бақылау бағдарламасы — 2026-2035 жылдарға арналған «Қазхром» ТҰК» АҚ филиалы, 2026-2035 жылдарға арналған табиғат қорғау іс-шараларының жоспары.

Бастамашының деректемелері мен байланыс деректері: «Қазхром» ТҰК» АҚ филиалы - Ақтөбе ферроқорытпа зауыты, 190240017187 БСН, Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласы, Алматы ауданы, 312-атқыштар дивизиясы даңғылы, 60 «А» ғимараты, байланыс тел.: 8-777-506-57-80 Абдулабеков Е.Э. E-mail: [Tolkyn.Babaguzhina@erg.kz](mailto:Tolkyn.Babaguzhina@erg.kz)

Жобалар мен бағдарламаларды құрастырушылардың деректемелері мен байланыс деректері: «Audit Ecology» ЖШС, БСН180840031539, Ақтөбе қ., Маресьев к-сі, 77, 3-пәтер, байланыс тел.: 8 (7132) 55-06-08. Басшысы: Алманиязов Г. И. E-mail: [audit-ecology@mail.ru](mailto:audit-ecology@mail.ru)

Жобалық құжаттама пакетімен экологиялық порталда <https://hearings.ndbecology.gov.kz>, сондай-ақ әкімдігінің сайтында танысуға болады <https://www.gov.kz/memleket/entities/aktobe-zher-paidalanuy?lang=ru>

Барлық ескертулер және/немесе ұсыныстар қоғамдық тыңдау өткізілетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірілмей <https://hearings.ndbecology.gov.kz> экологиялық порталында, сондай-ақ жазбаша немесе электрондық түрде мына мекенжай бойынша қабылданады:

Ақтөбе облысы бойынша ТР және ТПРБ, Ақтөбе қаласы, Әбілқайыр хан даңғылы, 40, тел.: 8 (7132) 55-09-30, E-mail: [aktobe.urppr@yandex.kz](mailto:aktobe.urppr@yandex.kz).

Қоғамдық тыңдау аралас форматта (ZOOM платформасында ашық жиналыс және бейнеконференция) өткізіледі. Интернеттегі байланыс сілтемесі: <https://erg.zoom.us/j/89710502465?pwd=0Nt0f5Am8kuLajvfcLIGLbBX4OdTK.1> Конференция идентификаторы: 89710502465 кіру коды: 668441.

## «Қазсушар» РМК

Ақтөбе филиалы 2026 жылдың 30 сәуірінде тіреуші гидротехникалық ғимараттардың көмегімен үстіңгі ағынды реттеу, магистралдық желілер арқылы су беру (суару) және магистральды құбырлар және тарату желілері арқылы су беру қызметтері бойынша тарифтік сметалардың орындалу есебін тұтынушылар мен өзге де мүдделі тұлғалар алдында тыңдау өткізілетінін хабарлайды.

Онлайн-бейнебайланысқа қатысу төмендегі сілтеме бойынша өтеді:

<https://www.instagram.com/aktobe.kazvodhoz?igsh=bXJudWpmb2Y5anEw>

Тыңдау 2026 жылдың 30 сәуірінде сағат 16.00-де Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласы, Ибатов көшесі, 53А мекенжайында өткізілетін болады.

## «ҚазТрансОйл» АҚ

«Ақтөбе» МҚБ «Промбаза» ӘЖ-10 кВ күрделі жөндеу жоба бойынша жария талқылау нысанында қоғамдық тыңдау өткізілетіні туралы хабарлайды.

Жобалық құжаттама материалдары ҚО мен ТР ЖКТ ҰДБ (<https://ndbecology.gov.kz/>) «Жарияланған қоғамдық талқылаулар» бөлімінде, 2026 жылдың 4-12 мамыр аралығында қолжетімді болады.

Ескертулер мен ұсыныстар 5 жұмыс күні ішінде қабылданады.

Тапсырыс беруші – «ҚазТрансОйл» АҚ, Тұран даңғылы; e-mail: [A.Murtazina@kaztransoil.kz](mailto:A.Murtazina@kaztransoil.kz), тел.: 8-7172-79-16-63.

Ақтөбе қаласында тұратын достарымыз Аманғали-Ләтипа Мұқанбетулиндерге, ағайын-туыстарына інісі, Шалқар қаласының тұрғыны

**Әкімғалидың**

дүниеден озуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтамыз. Үлкен өулеттің шаңырағын айыройлы ұстап отырған азамат еді. Марқұмның пейіште нұры шалқысын!

**Кенжебай Сүйеумағанбетұлы, Жұманазар Асанов, Жанғабыл Қабақбаев, Мұздыбай Сәңкібаев.**

**Ақтөбе**  
Меншік иесі: «АҚТӨБЕ МЕДИА» ЖШС  
ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ  
Газет 1974 жылы «Құрмет белгісі» орденімен марапатталған  
Директор Раукен ОТЫНШИН  
Директордың орынбасары Айгүл НҰРКЕЕВА  
Бас редактор Сәтжан ДӘРІБАЙ  
Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде 2022 жылғы 23 желтоқсанда тіркеліп, №КЗ70ВР00061916 куәлігі берілген.

Бас редактордың бірінші орынбасары Жаңагүл НИЯЗМАҒАНБЕТОВА

Бас редактордың орынбасары Данагүл ҚАЗИХАН

Жауапты хатшы Динара САНГУЛОВА

АҚПАРАТ ЖӘНЕ САЯСАТ БӨЛІМІ:

Бөлім меңгерушісі Арайлым НҰРБАЕВА

Тілшілер Мейрамгүл САТАЕВА, Ақмарал МҰҚАШЕВА

ЭКОНОМИКА ЖӘНЕ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ БӨЛІМІ:

Бөлім меңгерушісі Айбек ТАСҚАЛИЕВ

Тілшілер Кәмшат ҚОПАЕВА, Айдана АЛТЫБАЕВА

МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК САЛА БӨЛІМІ:

Бөлім меңгерушісі Гүлжан БАЗЫЛҚЫЗЫ

Тілшілер Индира ӨТЕМІС, Айнұр ЖАЛМАҒАНБЕТОВА

Сайт редакторы Аслан СЫДЫҚОВ

Беттеуші Шолпан МҰХАМБЕТАЛИНА, Әсел НОГУМАНОВА

Теруші Гүлмира АЙНАЗАРОВА

Корректор Қалдыгүл МЫРЗАТАЕВА

Жазылу және тарату бөлімі 90-71-67

Жарнама бөлімі 90-71-55

Газет жарияланымдарындағы автор пікірі редакцияның түпкілікті көзқарасы болып есептелмейді. Редакция оқырман хаттарына жауап бермейді, оны қайтармайды. Редакцияның тапсырмасы бойынша жазылмаған материалдарға қаламақы төленбейді. Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты. Басылым сапасы жөнінде баспахананың мына телефонға хабарласуға болады: 400-400.

Газет «Хабар – Сервис» ЖШС баспаханасында (Ақтөбе қаласы, Ә.Смағұлов көшесі, 9/2) басылды



Мекенжайымыз: 030012, Ақтөбе қаласы, Тілеу батыр көшесі, 10.

Қабылдау бөлмесі: 90-71-61.

Сайт: [www.aqtobegazeti.kz](http://www.aqtobegazeti.kz)  
E-mail: [aktobegazeti@mail.ru](mailto:aktobegazeti@mail.ru)

Аптасына 2 рет шығады.

Таралымы 12282 Тапсырыс №547

Немірдің кезекші редакторы Айбек Тасқалиев